

Силлабус

«Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология» кафедрасы

«Фармакология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы

6B10117 «Стоматология» білім беру бағдарламасы

1.	Пән туралы жалпы мағлұмат		
1.1	Пән коды: Far 3301	1.6	Оқу жылы: 2025-2026
1.2	Пәннің атауы: Фармакология	1.7	Курсы: 3
1.3	Реквизитке дейінгі: медициналық микробиология, физиология.	1.8	Семестрі: 5
1.4	Реквизиттен кейінгі: тістің қатты тіндерінің тіс жегі және тіс жегі емес зақымдануы. Ауыз қуысының шырышты қабығының аурулары.	1.9	Кредит саны (ECTS): 5
1.5	Циклі: БнП	1.10	Компоненті: ЖК
2.	Пәннің сипаттамасы		
Стоматологиядағы дәрілік заттардың Фармакодинамикасы мен фармакокинетикасының жалпы заңдылықтары бойынша білімді қалыптастыру. Бастапқы фармакологиялық реакциялар. Рецепттерді рәсімдеудің және рецепт рецептерін жасаудың жалпы принциптері. Дәрілік заттардың дозалары мен концентрациясын есептеу. Дәрілік заттардың жіктелуі. Анестетиктердің фармакологиялық қасиеттерін салыстырмалы бағалау: анестетикалық белсенділік, ОЖЖ-ге әсер ету, шырышты қабаттарға ену қабілеті, уыттылық. Дәрілік заттардың жағымсыз реакциялары, жанама әсерлердің алдын алу және түзету әдістері.			
3.	Жиынтық бағалау түрі		
3.1	✓ Тестілеу	3.5	Курстық
3.2	Жазбаша	3.6	Эссе
3.3	Ауызша	3.7	Жоба
3.4	✓ Тәжірибелік дағдыларды бағалау	3.8	Басқа (көрсету)
4.	Пәннің мақсаты		
Фармакодинамиканың, фармакокинетиканың, фармакогнетиканың, фармакоэкономиканың және дәрілердің өзара әсерлесуінің, дәрілердің жағымсыз әсерлері туралы дәлелді медицинаның ұстанымдары негізіндегі білімдерін ескере отырып, барынша әсері жоғары және қауіпсіз дәрілік құралдарды немесе оларды қиыстырудың әдіснамасын үйрету.			
5.	Оқытудың соңғы нәтижелері (пәннің ОН)		
ОН1	Білімі мен түсінігі Ересектер мен балалардағы негізгі стоматологиялық аурулар туралы негізгі және клиникалық білімдерін көрсетеді.		
ОН2	Білім мен түсінікті қолдану Дәрілерді таңдайды, дәрі-дәрмектерге рецепт жазады, мөлшерлеу режимін анықтайды.		
ОН3	Білім мен түсінікті қолдану Дәрілердің жағымсыз әсерін таниды, дәрілік құралдардың жанама әсерлерінің алдын-алуды және түзетуді жүзеге асырады. Дәрілердің уытты әсер ету мүмкіндігін бағалайды		
ОН4	Тұжырымды қалыптастыру Дәйектемелерді тұжырымдайды, дәрілік заттардың өзара әсерлесуін бағалайды		
ОН5	Қарым-қатынас дағдылары Тиімді қарым-қатынас әдістерін, балалар стоматологиясында және ересектердегі стоматологиядағы психология мәселелерін біледі.		
ОН6	Оқуға қабілеттілік Ғылыми зерттеулер, оқу және анықтамалық әдебиеттер, кітапханалар каталогтары және интернет сайттары бойынша өз бетінше ізденістер жүргізу арқылы пән бойынша жаңа білімдерді алу, оны талдау, тәжірибеде және басқа пәндер бойынша алған білімдерін қосу және дәрі-дәрмектерді зерттеу бойынша жаңа зерттеулерді қолдану және жедел практикалық мәселелерді шешу		

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы		41/11-2025
«Фармакология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		2стр. из 24

	фармакология саласында.					
5.1	Пәннің ОН	Пәнді оқыту нәтижелерімен байланысты білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері				
	1О Н 2О Н	ОН1 Кең ой-өрісі мен ойлау мәдениеті бар жан-жақты тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін биомедициналық, клиникалық, эпидемиологиялық, әлеуметтік-мінез-құлық ғылымдары саласындағы білім мен дағдыларды көрсету және қолдану				
	4ОН 5ОН	ОН2 Стоматологиялық аурулардың даму механизмдерін түсіну үшін өсу мен даму заңдылықтарын, қалыпты және патологиядағы дене құрылымын талдау.				
	6ОН	ОН4 Стоматологиялық ауруларды диагностикалауға, емдеуге және алдын алуға бағытталған тиісті және тиімді іс-шараларды қамтитын тиімді пациент-орталықтандырылған күтімді қамтамасыз ету.				
6.	Пән туралы толық ақпарат					
6.1	Өткізу орны (ғимарат, аудитория): Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы, Аль-Фараби алаңы 1, 4-ші қабат аудитория № 419, 421, 425, 431, 434, № 4 дәріс залы.					
6.2	Сағаттарының саны	Дәріс	Тәжір. сабақ	Зерт.сабақ	БӨЖ	ОБӨЖ
		10	40	-	85	15
7.	Оқытушылар туралы мәліметтер					
№	Т.А.Ж.		Дәрежесі және лауазымы		Электрондық адресі	
1	Ибрагимова Айгуль Гаффаровна		ф.ғ.кандидаты, доцент м.а.		aygul_ibr@mail.ru	
2	Абуова Гульнара Турганбаевна		б.ғ.кандидаты, доцент м.а.		abuova@mail.ru	
4	Корганбаева Зауре Сарыбаевна		б.ғ.кандидаты, доцент м.а.		korganbaeva055@mail.ru	
4	Сырманова Нургуль Рахмановна		м.ғ.магистрі, аға оқытушы		n_rakchman@mail.ru	
5	Дустанова Жамила Талиббаевна		аға оқытушы		jam11.76.76@mail.ru	
8.	Тақырыптық жоспар					
Апт а/ кү н	Тақырып атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Пән нің ОН	Сағат саны	Оқыту технология сының формасы / әдістері	Бағалау әдістері/ формалары
1	Дәріс. Кіріспе. Фармакология ғылыми пән ретінде. Дәрілік заттардың фармакодинамикасы, фармакокинетикасы.	Фармакологияның анықтамасы, фармакологияның мазмұны мен негізгі міндеттері. Фармакологияның медициналық-биологиялық және клиникалық пәндермен байланысы. Фармакодинамика, дәрілік заттардың әсер ету механизмдері. Ұзақ қолдану кезінде ДҚ әрекетін өзгерту. Дәрілік заттарды мөлшерлеу. Фармакокинетикасы, ДЗ сіңуі.	ОН1	1	Шолу	Кері байланыс Feedback

	ДЗ енгізудің негізгі жолдары. Ағзадағы таралу, ақуыздармен байланыс. ДЗ биотрансформациясы. ДЗ-ны ағзадан шығару. "Түпнұсқалық"препараттар және "дженериктер", дәрілік заттардың биоэквиваленттілігі.				
Тәжірибелік сабақ. Жалпы рецептура. Қатты, жұмсақ және сұйық дәрілік заттар. Дәрілік заттардың өзара әрекеттесуі.	Дәрілік зат, дәрілік түр және дәрілік препарат туралы түсінік. Арнайы және магистральді дәрілік түрлер. Рецепт: анықтамасы, дәрілік заттарды рецептте жазу ережелері, улы, күшті әсер ететін, наркотикалық заттардың жазылу ерекшеліктері. Қатты дәрілік түрлер туралы түсінік және олардың түрлері. Мөлшерлеу әдістері. Жақпа майлар, пасталар, суппозиториялар анықтамасы, құрамды компоненттері. Рецептте жазылу ережесі. Сұйық дәрілік түрлер туралы түсінік және олардың түрлері. Мөлшерлеу әдістері. Инъекцияға арналған дәрілік түрлерге қойылатын талаптар. Рецептте жазылу ережелері. Басқада дәрілік түрлер туралы түсінік. Дәрілік өзара әрекеттесудің негізгі түрлері (фармацевтикалық, фармакокинетикалық және фармакодинамикалық), олардың механизмдері, клиникалық маңызы және ықтимал салдары.	ОН1 ОН2	3	Шағын топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, ситуациялық есептерді шешу
ОБӨЖ/БӨЖ. Дәрілік заттардың әсеріне әртүрлі факторлардың әсері. Дәрілік препараттардың жағымсыз әсерлері. Дәріге тәуелділік. Стоматология дағы дәрі-	Жүкті және бала емізетін әйелдердегі дәрілік заттардың фармакологиясының ерекшеліктері. Дәрілік заттардың фармакологиясына жастың, қатар жүретін аурулардың, темекі шегудің, алкогольдің әсері. Генетикалық факторлардың әсері. Дәрілік препараттардың жағымсыз әсерлері. Есірткіге тәуелділік. Жүйелі қолдану	ОН1 ОН3 ОН5 ОН6	1/5	Презентация дайындау	Презентация қорғау, тестілік тапсырмаларын дайындау

	дәрмектердің жағымсыз әсерлері.	кезінде ауыз қуысында дәрілік препараттардың жағымсыз әсерлері. Стоматологияда дәрі-дәрмектерді жергілікті қолдану кезіндегі жағымсыз әсерлері.				
2	Дәріс. Эфферентті иннервацияға әсер ететін препараттар.	Холинергиялық, адренергиялық иннервацияға әсер ететін заттар. Жіктелуі. Негізгі әсерлер және әсер ету механизмі. Препараттардың салыстырмалы сипаттамасы.	ОН1	1	Шолу	Кері байланыс Feedback
	Тәжірибелік сабақ. 1. Жалпы фармакология . Дәрілік заттардың фармакокинетикасы мен фармакодинамикасының негіздері. Фармакокинетиканың негізгі параметрлері. 2. Афферентті иннервацияға әсер ететін құралдар	1. Дәрілік заттардың фармакокинетикасының анықтамасы және міндеттері. Препаратты енгізу жолдары. Дәрілік заттардың фармакодинамикасы. Дәрілік заттардың өзара әрекеттесуі. Дәрілік заттардың жағымсыз әсерлері. 2. Сенсорлық жүйке ұштарын және/немесе афферентті нервтердің бойымен қозуды өткізуді тежейтін заттар. Ынталандырушы агенттер. Анықтама. Дәрілік заттардың классификациясы. Негізгі әсерлері және әсер ету механизмі. Дәрілік заттардың	ОН1 ОН2 ОН4	3	Шағын топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, ситуациялық есептерді шешу
	ОБӨЖ/БӨЖ Ұйықтататын дәрілер. Эпилепсияға қарсы, құрысуға қарсы, паркинсонға қарсы препараттар. Психотропты препараттар.	Эпилепсияға қарсы препараттар. Эпилепсия түрлерінің фармакотерапиясының негізгі принциптері. Паркинсонға қарсы препараттар. Дәрілік заттардың классификациясы. Психотропты препараттар. Классификация. Негізгі әсерлері, әсер ету механизмі, қолдану көрсеткіштері, жанама әсерлері.	ОН1 ОН4 ОН6	1/5	Презентация дайындау	Презентация қорғау, тестілік тапсырмаларын дайындау
3	Дәріс. Психотропты препараттар. ОЖЖ тежеуші препараттар. ОЖЖ стимуляторлары.	Дәрілік заттардың классификациясы. Әсер ету механизмі. Негізгі фармакологиялық әсерлері. Дәрілік заттардың салыстырмалы сипаттамасы және қолданылуы.	ОН1 ОН4	1	Шолу	Кері байланыс Feedback

	Тәжірибелік сабақ. Эфферентті иннервацияға әсер ететін препараттар.	М-N – холиномиметикалық препараттар. Антихолинэстеразалық препараттар. М-холиномиметикалық заттар. Мускариннің токсикалық әсері, улануды емдеу. N-холиномиметикалық заттар. М-антихолинергиялық заттар. Ганглиоблокаторлар. Миорелаксанттар. Жіктелуі, әсер ету механизмі. Адренергиялық препараттар. Адреномиметиктер. Адреноблокаторлар. Жіктелуі, әсер ету механизмі. Адренергиялық синапстың құрылымы. Адреномиметиктер, Фармакологиялық әсерлері. Қолданылуы.	ОН2 ОН3 ОН4	4	Шағын топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, ситуациялық есептерді шешу
	ОБӨЖ/БӨЖ 1.Сульфаниламидті препараттар. 2.Вирусқа қарсы препараттар. 3.Саңырауқұлаққа қарсы препараттар. 4.Құрттарға қарсы препараттар.	1.Микробқа қарсы әсер ету механизмі мен спектрі. Жіктеу. Препараттардың салыстырмалы сипаттамасы. Қолдану. Ықтимал асқынулар, олардың алдын алу. Триметропиммен біріктірілген препараттар. Әсері және қолдану ерекшеліктері. Салаз қосылыстары, олардың әсері және қолданылуы. Жанама әсерлері. 2. Жалпы сипаттама. Жіктелуі, әсер ету механизмі. Әсер ету спектрінің ерекшеліктері және қолдану көрсеткіштері. 3.Саңырауқұлаққа қарсы препараттардың салыстырмалы сипаттамасы. Жіктеу. Әсер ету механизмі. Әсер ету спектрі. 4.Антигельминтикалық препараттардың салыстырмалы сипаттамасы. Көрсеткіштер мен жанама әсерлер.	ОН2 ОН3 ОН4 ОН6	1/7	Презентация дайындау	Презентация қорғау, тестілік тапсырмаларын дайындау
4	Дәріс. Микробқа қарсы препараттар. Антисептикалық және	Химиотерапевтикалық заттардың классификациясы. Микробқа қарсы әсер ету механизмі. Дәрілік заттардың салыстырмалы сипаттамасы және	ОН1	1	Шолу	Кері байланыс Feedback

	дезинфекциялық заттар.	қолданылуы. Жанама әсерлері.				
	Тәжірибелік сабақ. Психотропты препараттар.	Классификация. Тежеуші және ынталандырушы типтегі психотропты препараттар.	ОН2 ОН3	3	Шағын топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, ситуациялық есептерді шешу
	ОБӨЖ/БӨЖ Бластомаға қарсы препараттар. Радиопротекторлар. Имундық жүйеге әсер ететін препараттар.	Бластомаға қарсы препараттар. Жіктелуі, әсер ету механизмі. Дәрілік заттардың ісікке қарсы әсер ету спектрінің ерекшеліктері. Моноклональды антиденелер. Протеинкиназа ингибиторлары. Қолдану көрсеткіштері, жанама әсерлері, қарсы көрсеткіштері. Имундық жүйеге әсер ететін препараттар. Имундық жүйеге әсер ететін дәрілік заттардың классификациясы. Негізгі әсерлері, әсер ету механизмі, қолдану көрсеткіштері, жанама әсерлері, қарсы көрсеткіштері.	ОН1 ОН4	2/7	Презентация дайындау	Презентация қорғау, тестілік тапсырмаларын дайындау
5	Дәріс. Химиотерапиялық заттар. Антибактериалды заттар (антибиотиктер).	Микробқа қарсы әсер ету механизмдері мен спектрі. Дәрілік заттардың салыстырмалы сипаттамасы және қолданылуы. Жанама әсерлері. Антибиотиктерге төзімділік туралы түсінік.	ОН1	1	Шолу	Кері байланыс Feedback
	Тәжірибелік сабақ. Антибактериалды заттар (антибиотиктер).	Антибактериалды заттар. Анықтама. Спектрлері және әсер ету механизмі. Химиялық құрылымы бойынша жіктелуі. Бета-лактамы антибиотиктер. Макролидтер. Бета-лактамаза тежегіштері. Тетрациклиндер. Аминогликозидтер. Левомецитиндер. Линкозаминдер. Анзамициндер және антибиотиктердің басқа топтары. Әсер ету спектрлері және әсер ету механизмі.	ОН2 ОН3 ОН4 ОН5 ОН6	3	Шағын топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, ситуациялық есептерді шешу
	ОБӨЖ/БӨЖ Эритропоздге әсер ететін препараттар.	1. Эритропоздді ынталандыратын агенттер. Классификация. Эритропоздді тежейтін	ОН1 ОН6	1/5	Презентация дайындау	Презентация қорғау, тестілік тапсырмалар

	Лейкопозге әсер ететін препараттар. Антиацидотикалық заттар. Алкалозды түзету үшін қолданылатын препараттар. Плазманы алмастыратын және детоксикациялаушы заттар.	препараттар. Фармакологиялық қасиеттері. Лейкопозді тежейтін препараттар. 2. Ағзадағы қышқылдық-негіздік күйді және иондық тепе-теңдікті түзету үшін қолданылатын препараттар. Метаболикалық алкалозды жоюға арналған препараттар. 3. Плазманы алмастыратын және парентеральді қоректену агенттерінің жіктелуі. Қолдану				ын дайындау
6	Дәріс. Қан жүйесіне әсер ететін препараттар.	Қан жүйесіне әсер ететін дәрілік заттардың жіктелуі. Дәрілік заттардың фармакологиялық сипаттамасы. Дәрілік заттардың салыстырмалы сипаттамасы және қолданылуы. Жанама әсерлері.	ОН 1	1	Шолу	Кері байланыс Feedback
	Тәжірибелік сабақ. Қан жүйесіне әсер ететін препараттар.	Қан жүйесіне әсер ететін дәрілердің жіктелуі. Қанның реологиялық қасиеттеріне әсер ететін дәрілер. Гемостазға әсер ететін препараттар. Антикоагулянттар. Антиагреганттар. Фибринолитиктер. Қан жүйесіне әсер ететін дәрілердің жіктелуі. Препараттардың салыстырмалы сипаттамасы және қолданылуы. Жанама әсерлері. Қолдануға қарсы көрсеткіштер. Гемопозге және лейкопозге әсер ететін дәрілер. Қолдану. Жанама әсерлері. Қолдануға қарсы көрсеткіштер.	ОН2 ОН3 ОН4	4	Шағын топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, ситуациялық есептерді шешу
	ОБӨЖ/БӨЖ Аралық бақылау № 1	Барлық өтілген материал бойынша қорытынды	ОН1 ОН2 ОН3 ОН4 ОН5 ОН6	1/5	Билеттер	Жазбаша жауап
7	Дәріс. Тыныс алу жүйесіне әсер ететін препараттар.	Тыныс алу мүшелерінің қызметіне әсер ететін дәрілік заттардың классификациясы. Әсер ету механизмі. Дәрілік заттардың салыстырмалы	ОН 1	1	Шолу	Кері байланыс Feedback

	сипаттамасы және қолданылуы. Жанама әсерлері.				
Тәжірибелік сабақ. Қабынуға қарсы препараттар. Аллергияға қарсы препараттар.	Глюкокортикоидтар. Қимыл механизмі. Қабынуға қарсы, аллергияға қарсы, имуносупрессиялық әсерлері. Қолдану көрсеткіштері. Жанама әсерлері. Глюкокортикоидтардың салыстырмалы сипаттамасы. Нестероид емес қабынуға қарсы препараттар. Спецификалық және бейспецификалық гипосенсибилизация туралы түсінік. Аллергияға қарсы препараттардың классификациясы. Бірден жоғары сезімталдық үшін қолданылатын дәрілер. Н1-гистаминді блокаторлардың салыстырмалы сипаттамасы. Аллергиялық реакциялардың медиаторларының босатылуын болдырмайтын препараттар, олардың салыстырмалы сипаттамасы.	ОН2 ОН3	3	Шағын топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, ситуациялық есептерді шешу
ОБӨЖ/БӨЖ Шеміршек тініндегі зат алмасуға әсер ететін заттар. Хондропротекторлар. Бұлшықеттердің спазмы үшін қолданылатын препараттар. Подаграға қарсы препараттар.	1. Шеміршек тініндегі зат алмасуға әсер ететін дәрілік заттардың фармакологиялық сипаттамасы. Қолдану көрсеткіштері. Біріктірілген препараттар (хондроксид). 2. Бұлшықеттердің спазмы кезінде қолданылатын препараттар. Дәрілік заттардың фармакологиялық сипаттамасы. Бұлшықет тонусына әсері. Кураре тәрізді препараттардан айырмашылығы. Қолдану көрсеткіштері. Жанама әсерлері. 3. Классификация. Несеп тастарының түзілуін тежейтін және олардың шығарылуын арттыратын препараттар (урикозуриялық препараттар). Дәрілік заттардың салыстырмалы сипаттамасы, олардың қолданылуы. Подаграға қарсы препараттардың ықтимал жанама әсерлері.	ОН 1,6	1/5	Презентация дайындау	Презентация қорғау, тестілік тапсырмаларын дайындау

8	Дәріс. Жүрек-тамыр жүйесінің қызметіне әсер ететін препараттар. Гипертонияға қарсы препараттар. Диуретиктер.	Жүрек-тамыр жүйесінің қызметіне әсер ететін дәрілік заттардың классификациясы. Гипертонияға қарсы препараттар. Диуретиктер. Әсер ету механизмі. Дәрілік заттардың салыстырмалы сипаттамасы және қолданылуы. Жанама әсерлері.	ОН1	1	Шолу	Кері байланыс Feedback
	Тәжірибелік сабақ. Тыныс алу жүйесінің қызметіне әсер ететін препараттар.	Бронх демікпесі мен өкпе ісінуі үшін қолданылатын дәрілер. Классификация. Бронхоспазмға қолданылатын препараттардың негізгі әсерлері, әсер ету механизмі, жанама әсерлері, қарсы көрсеткіштері.	ОН2 ОН3	3	Шағын топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, ситуациялық есептерді шешу
	ОБӨЖ/БӨЖ Қақырық түсіретін заттар. Жөтелге қарсы дәрілер Лейкотриен жүйесіне әсер ететін бронхоспазм үшін қолданылатын препараттар.	1. Қақырық түсіретін заттардың негізгі әсер ету механизмдері. Салыстырмалы сипаттамалар. Дәрілік заттардың әсер ету ерекшеліктері. Қолдану көрсеткіштері. Жанама әсерлері. Жөтелге қарсы препараттар. Орталық және перифериялық әсер ететін заттар. Қолдану көрсеткіштері. Есірткі белсенділігі бар жөтелге қарсы препараттарды қолдану кезінде есірткіге тәуелділіктің даму мүмкіндігі. Педиатриялық тәжірибеде жөтелге қарсы препараттарды қолданудың қауіпсіздігі. 2. Лейкотриен жүйесіне әсер ететін бронх түйілуіне қолданылатын препараттар. бронхоспазм үшін қолданылатын препараттардың негізгі топтары. Дәрілік заттардың фармакологиялық сипаттамасы.	ОН1 ОН6	2/7	Презентация дайындау	Презентация қорғау, тестілік тапсырмаларын дайындау
9	Дәріс. Ас қорыту жүйесінің қызметіне әсер ететін дәрілер.	Асқазан-ішек жолдарының қозғалғыштығына әсер ететін дәрілер, спазмолитикалық дәрілер, іш жүргізетін және диареяға қарсы заттар Классификация. Негізгі әсерлері, әсер ету механизмі,	ОН 1	1	Шолу	Кері байланыс Feedback

		қолдану көрсеткіштері, жанама әсерлері, қарсы көрсеткіштері.				
	Тәжірибелік сабақ. Жүрек-тамыр жүйесінің қызметіне әсер ететін препараттар.	Антиангинальды дәрілер. Аритмияға қарсы препараттар. Классификация. Негізгі әсерлері, әсер ету механизмі, қолдану көрсеткіштері, жанама әсерлері, қарсы көрсеткіштері.	ОН2 ОН3	4	Шағын топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, ситуациялық есептерді шешу
	ОБӨЖ/БӨЖ 1. Жүрек-қан тамыр жүйесінің жұмысына әсер ететін кпрепараттар. Кардиотоникалық препараттар. 2. Цереброваскулярлық бұзылулар үшін қолданылатын препараттар. Антиатеросклеротикалық препараттар.	1. Жүрек гликозидтері. Гликозидті емес кардиотоникалық препараттар. Жіктеу. Препараттардың әсер ету механизмі. Препараттардың салыстырмалы сипаттамасы. Қолдану көрсеткіштері және жүрек гликозидтерін тағайындау тактикасы. Жүрек гликозидтерімен уланудың клиникалық көріністері, оларды емдеу және алдын-алу принциптері. Жанама әсерлер. 2. Ми тініндегі қан ағымы мен метаболикалық процестерді жақсартатын препараттар. Ми тамырларына әсер ететін кальций арналарының блокаторлары. Цереброваскулярлық бұзылуларда ноотроптарды қолдану, олардың мидағы метаболикалық процестерге әсері. Препараттардың салыстырмалы сипаттамасы, ықтимал жанама әсерлері. Комбинирленген препараттар.	ОН1 ОН4	1/7	Презентация дайындау	Презентация қорғау, тестілік тапсырмаларын дайындау
10	Дәріс. Сүйек тініне әсер ететін препараттар. Кальций және фторді препараттар.	Сүйек тініне әсер ететін препараттар. Кальций және фторді препараттар. Классификация. Негізгі әсерлері, әсер ету механизмі, қолдану көрсеткіштері, жанама әсерлері, қарсы көрсеткіштері.	ОН 1	1	Шолу	Кері байланыс Feedback
	Тәжірибелік сабақ. Жүрек-тамыр жүйесінің қызметіне әсер ететін препараттар.	Гипертонияға қарсы препараттар. Антиатеросклеротикалық препараттар. Классификация. Негізгі әсерлері, әсер ету механизмі, қолдану көрсеткіштері, жанама әсерлері, қарсы көрсеткіштері.	ОН2 ОН3	3	Шағын топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, ситуациялық есептерді шешу
	ОБӨЖ/БӨЖ 1. Ішек моторикасына	1. Ішек моторикасына әсер ететін препараттар. Құсу және құсуға қарсы препараттар. Іш	ОН1 ОН3	1/5	Презентация дайындау	Презентация қорғау, тестілік

	әсер ететін препараттар. Құсу және құсуға қарсы препараттар. Іш жүргізетін және диареяға қарсы дәрілер. 2. Зәрдегі тастарды кетіру үшін қолданылатын препараттар. 3. Жедел дәрілік улануды емдеудің негізгі принциптері.	жүргізетін және диареяға қарсы дәрілер. Жіктеу. Препараттардың әсер ету механизмі. Препараттардың салыстырмалы сипаттамасы. 2. Нефролитиазда қолданылатын препараттар. Классификация. Әсер ету механизмі, қолданылуы, жанама әсерлері. Жанама әсерлерді түзету жолдары. Дәрілік заттарды біріктіру принципі. 3. Жедел улану. Жедел дәрілік улану кезіндегі емдеу принциптері.				тапсырмалар ын дайындау
11	Тәжірибелік сабақ. Асқазанның ас қорыту бездерінің секреторлық қызметіне әсер ететін препараттар. Антацидтер және антисекреторлар. Гастропротекторлар. Орынбасушы терапияда қолданылатын	Антацидтер және антисекреторлық препараттар. Гастропротекторлар. Классификация. Негізгі әсерлері, әсер ету механизмі, қолдану көрсеткіштері, жанама әсерлері, қарсы көрсеткіштері.	ОН2 ОН3 ОН4 ОН5	3	Шағын топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, ситуациялық есептерді шешу
	ОБӨЖ/БӨЖ 1. Семіздікке қолданылатын препараттар. 2. Ұйқы безінің қызметі бұзылған кезде қолданылатын препараттар. Ферментті және антиферментті препараттар. 3.Холеретикалық препараттар.	1.Жіктеу. Анорексигенді агенттер. Липолизді және термогенезді ынталандыратын препараттар. Асқазан-ішек жолындағы майлардың сіңуін бұзатын препараттар. Органолептикалық қасиеттері бойынша майларды алмастыратын заттар. Қанттың орнын басушы заттар. 2. Орынбасушы терапияс. Жұптастырылған препараттар. Қолдану көрсеткіштері. Протеолиз ингибиторлары. Жедел панкреатит кезінде протеолиз ингибиторлары мен атропинге ұқсас дйрілік	РО1 РО4	1/5	Презентация дайындау	Презентация қорғау, тестілік тапсырмалар ын дайындау

		заттарды қолдану. Ферменттік және антиферментті препараттар. 3.Холеретикалық препараттар. Жіктеу. Препараттардың әсер ету механизмі және салыстырмалы сипаттамасы.				
12	Тәжірибелік сабақ. 1.Пародонт және ауыз қуысының кілегей қабатының ауруларын емдеу үшін қолданылатын дәрілер. 2.Тісжегі, пульпит, периодонтитті емдеу үшін қолданылатын дәрілер.	Пародонт ауруларын емдеу: антисептиктер, ферментті препараттар, қабынуға қарсы препараттар, клобетазол, гидрокортизон ацетаты. Нестероид емес қабынуға қарсы препараттар. Кариесті емдеуге арналған препараттар: дентин мен эмальдың минералды құрамын қалпына келтіру. Емдеу шаралары кариес, пульпит. Пульпит, кариес, пульпитті емдеуге арналған құралдар. Пародонтитті емдеуге арналған құралдар	ОН2 ОН3	4	Шағын топтарда жұмыс	Ауызша сұрау, ситуациялық есептерді шешу
	ОБӨЖ/БӨЖ Аралық бақылау № 2	Барлық өтілген материал бойынша қорытынды	ОН1 ОН2 ОН3 ОН4 ОН5 ОН6	2/7	Билеттер	Жазбаша жауап
	Сағат саны			135		
	Аралық аттестаттауды дайындау және өткізу			15		
	Пәннің жалпы сағат саны			150		
9.	Оқыту және бағалау әдістері					
9.1	Дәріс	Шолу, тақырыптық; дәріс-презентация немесе мәтіндік материал түріндегі шолу дәрісі, кері байланыс (Feedback)				
9.2	Тәжірибелік сабақ	шағын топтарда жұмыс, ауызша сұрау, ситуациялық есептерді шешу				
9.3	БӨЖ/ОБӨЖ	презентация, тестілік тапсырмаларын дайындау.				
9.4	Аралық бақылау	Билеттер (жазбаша жауап).				
10.	Бағалау критерийлері					
10.1	Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері					
ОН №	Оқыту Нәтижелері	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы	
ОН1	Ересектер мен балалардағы негізгі стоматологиялық аурулар	1) Дәрілік заттардың жіктелуі мен номенклатурасына	1) Дәрілік заттардың жіктелуі мен номенклатурасына бағыттала	1)Дәрілік құралдың фармакологиялық және терапиялық тобын анықтайды. 2) Дәрілік заттардың	1) Дәрілік заттардың әр түрлі жіктелуі мен номенклатурасына бағыттала алады. 2)Дәрілік құралдың	

	туралы негізгі және клиникалық білімдерін көрсетеді.	бағыттала алмайды. 2) Дәрілік заттардың фармакокинетикасы мен фармакодинамикасы, олардың жанама реакциялары, қолдану көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштері туралы білімдерін көрсете алмайды.	алмады. 2) Дәрілерді қолдану бойынша нұсқаулар мен анықтамалық материалдар бойынша фармакокинетикасы мен фармакодинамикасы, жанама әсерлері, қолдану көрсеткіштері мен қарама қарсы көрсеткіштері туралы білімдерін көрсете алады	фармакокинетикасы мен фармакодинамикасы, қолдану көрсеткіштері мен қарама қарсы көрсеткіштері туралы білімдерін көрсете алады. 3) Жеке топтардағы дәрілік құралдарының болуы мүмкін жанама әсерлері туралы ескертеді. 4) Жеке топтардағы дәрілік құралдарының өзара әсерлесуі туралы ескертеді.	фармакологиялық және терапиялық тобын анықтайды. 3) Дәрілік заттардың фармакокинетикасы мен фармакодинамикасы, жанама әсерлері, қолдану көрсеткіштері мен қарама қарсы көрсеткіштері туралы білімдерін көрсете алады. 4) Дәрілердің болуы мүмкін жанама әсерлерін тани алады және жанама әсерлердің алдын алу мен түзету жолдарын біледі. 5) Дәрілердің уытты әсерлерінің болуы мүмкіндігін бағалайды. 6) Дәрілік заттардың фармакологиялық топтарда, генерацияларда (буындарында) фармакокинетикалық және фармакодинамикалық параметрлері бойынша салыстырады.
ОН2	Дәрілерді таңдайды, дәрі-дәрмектерге рецепт жазады, мөлшерлеу режимін анықтайды.	1) Дәрілік заттардың жалпы фармакологиялық тобын анықтайды. 2) Рецептті қателіктер мен жазады	1) Дәрілік заттардың фармакологиялық тобын мүшелер мен жүйелер бойынша таңдайды 2) Анықтамалық әдебиеттерді/көздерді пайдалана отырып рецепт жазады	1) Ең жиі кездесетін ауруларды емдеу және алдын алу үшін дәрілік құралдарды таңдайды. 2) Берілген дәріге рецептті қатесіз жазады. Препараттың дозасын есептейді.	1) Қолдану көрсеткіштеріне, қарама қарсы көрсеткіштеріне және жанама әсерлеріне қарай әртүрлі фармакологиялық топтардан дәрілерді таңдайды. 2) Жасына, жынысына, функционалдық ерекшеліктеріне қарай ең қолайлы дәрілік препаратқа рецепт жазады. 3) Әртүрлі әдістермен дозаларды есептеуді жүзеге асырады және препаратты қолдану жиілігі мен ұзақтығын

					анықтайды.
ОН 3	Дәрілердің жағымсыз әсерін таниды, дәрілік құралдардың жанама әсерлерінің алдын-алуды және түзетуді жүзеге асырады. Дәрілердің уытты әсер ету мүмкіндігін бағалайды.	1) Дәрілердің жанама әсерлерін анықтамайды.	1) Дәрілік құралдардың жанама әсерлерін тек анықтамалық материал негізінде анықтайды.	1) Фармакологиялық топқа байланысты дәрілік заттардың жағымсыз әсерін таниды	1) Дәрілік құралдардың жағымсыз әсерлерін таниды, жанама әсерлерінің алдын алады және түзетеді. Дәрілердің уытты әсер ету мүмкіндігін бағалайды
ОН4	Дәйектемелерді тұжырымдайды, дәрілік заттардың өзара әсерлесуін бағалайды.	1) Дәрілік құралдардың фармакологиялық топтарында бағытта алмайды.	1) Дәрілік құралдардың тек анықтамалық материал негізінде салыстырады.	1) Дәрілік құралдардың жекелеген топтары мен топшаларындағы дәрілерге салыстырмалы фармакологиялық сипаттама береді.	3) Ең тиімді және қауіпсіз препаратты таңдау үшін әртүрлі фармакологиялық топтардағы, топшалардағы, буындардағы дәрілердің фармакокинетикалық және фармакодинамикалық көрсеткіштерін, фармакологиялық қасиеттерін салыстырады, талдайды.
ОН5	Тиімді қарым-қатынас әдістерін, балалар стоматологиясында және ересектердегі стоматологиядағы психология мәселелерін біледі.	1) Балалар және ересектер стоматологиядағы психология мәселелері бойынша сұрақтарды шеше алмайды.	1) Тиімді қарым-қатынас әдістерін, салыстырмалы түрде анықтайды.	1) Қарым-қатынасты әдістерде, стоматологиялық емдеу әдістерін сипаттайды.	3) Стоматологиялық көмек көрсету жағдайында, әртүрлі топтағы көмекті қажет ететін клиент жағдайын ескеріп, талдау жүргізеді.
ОН6	Ғылыми зерттеулер, оқу және анықтамалық әдебиеттер, кітапханалар каталогтары және интернет сайттары	1) Дәрі-дәрмектер бойынша дәлелді медицина базасында жұмыс істеуді дағдысы жоқ.	1) Дәрілік құралдар бойынша анықтамалық дереккөз қорынан ақпаратты іздейді.	1) Дәлелді медицина принциптеріне негізделген, халықаралық дәрі-дәрмектер туралы базадан ақпаратты іздейді.	1) Дәлелді медицина принциптеріне негізделген, халықаралық дәрі-дәрмектер туралы базадан ақпаратты іздейді және интерпретациялайды.

бойынша өз бетінше ізденістер жүргізу арқылы пән бойынша жаңа білімдерді алу, оны талдау, тәжірибеде және басқа пәндер бойынша алған білімдерін қосу және дәрі-дәрмектерді зерттеу бойынша жаңа зерттеулерді қолдану және жедел практикалық мәселелерді шешу фармакология саласында.					
--	--	--	--	--	--

10.2 Бағалау әдістері және критерийлері

Тәжірибелік сабаққа арналған тексеру парағы

Ауызша жауап

Ауызша жауап	Өте жақсы А (4,0; 95-100%); А- (3,67; 90-94%);	Жұмысқа белсенді қатысты, бұл кезде ерекше ойлау қабілетін танытты, материалды терең меңгергенін көрсетті, талқылау кезінде басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданды. Жасына, жынысына, функционалдық ерекшеліктеріне қарай ең қолайлы дәрілік формада дәрілік препараттарға рецепт жазады. Өртүрлі әдістермен дозаларды есептеуді жүзеге асырады және препаратты қолдану жиілігі мен ұзақтығын анықтайды.
	Жақсы В+ (3,33; 85-89%) В (3,0; 80-84%) В- (2,67; 75-79%) С+ (2,33; 70-74%)	Жұмысқа белсенді қатысты, материалдық білімін көрсетті, білім алушының өзімен жөнделінген ұстанымсыз қателіктер немесе ұстанымды қателер жіберді. Дәрілік препараттарға рецепт жазады. Дозаларды есептеуді жүзеге асырады.
	Қанағаттанарлық С (2,0; 65-69%)	Топтың жұмысында пассивті болды, әлсіз және ұстанымсыз қателер жіберді, материалды жүйелеуде
	С- (1,67; 60-64%) D+ (1,33; 55-59%) D- (1,0; 50-54%)	үлкен қиындықтар сезінді. Анықтамалық әдебиеттерді/көздерді пайдалана отырып рецепт жазады.
	Қанағаттанарлықсыз FХ (0,5; 25-49%) F (0; 0-24%) бағасына сәйкес келеді	Оқытушының сұрақтарына жауап бере отырып, топтың жұмысына қатысқан жоқ, ұстанымсыз қателер мен дәлсіздіктер жіберді, жауап бергенде ғылыми терминологияны қолданбайды. Рецептті қателермен жазады.



Ситуациялық есептерді шешу	Өте жақсы А (4,0; 95-100%); А- (3,67; 90-94%);	Жұмысқа белсенді қатысты, бұл кезде ерекше ойлау қабілетін танытты, материалды терең меңгергенін көрсетті, талқылау кезінде басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданды
	жақсы В+ (3,33; 85-89%) В (3,0; 80-84%) В- (2,67; 75-79%) С+ (2,33; 70-74%)	Жұмысқа белсенді қатысты, материалдық білімін көрсетті, студенттің өзімен жөнделінген ұстанымсыз қателіктер немесе ұстанымды қателер жіберді
	Қанағаттанарлық С (2,0; 65-69%) С- (1,67; 60-64%) D+ (1,33; 55-59%) D- (1,0; 50-54%)	Топтың жұмысында пассивті болды, әлсіз және ұстанымсызқателержіберді, материалдыжүйелеудеүлкенқиындықтарсезінді
	Қанағаттанарлықсыз FX (0.5; 25-49%) F (0; 0-24%) бағасына сәйкес келеді	Оқытушының сұрақтарына жауап бере отырып, топтың жұмысына қатысқан жоқ, ұстанымсыз қателер мен дәлсіздіктержіберді, жауап бергенде ғылыми терминологияны қолданбады.

ОБӨЖ/БӨЖ-ге арналған тексеру парағы

Тақырыптың презентациясы

Бақылау түрі	Бағасы	Бағалау критерийлері
Тақырыптың презентациясы	Өте жақсы А (4,0; 95-100%); А- (3,67; 90-94%);	Презентация белгіленген мерзімде өздігімен орындалды. 3-тен төмен емес әдеби тектер қолданылған. Слайдтар мазмұнды және тиімді. Қорғау кезінде автор тақырып бойынша терең білімдерін танытты. Талқылау уақытында сұрақтарға жауап бергенде қателер жібермейді.
	Жақсы В+ (3,33; 85-89%) В (3,0; 80-84%) В- (2,67; 75-79%) С+ (2,33; 70-74%)	Презентация белгіленген мерзімде өздігімен орындалды. 3-тен төмен емес әдеби тектер қолданылған. Слайдтар мазмұнды және тиімді. Қорғау кезінде автор тақырып бойынша жақсы білімдерін танытты. Өзі жөндей отырып, сұрақтарға жауап бергенде ұстанымсыз қателер жібереді.
	Қанағаттанарлық С (2,0; 65-69%) С- (1,67; 60-64%) D+ (1,33; 55-59%) D- (1,0; 50-54%)	Презентация белгіленген мерзімде өздігімен орындалды. 3-тен төмен емес әдеби тектер қолданылған. Слайдтар мазмұнсыз. Қорғау кезінде автор сұрақтарға жауап бергенде ұстанымды қателер жібереді.
	Қанағаттанарлықсыз FX (0.5; 25-49%) F (0; 0-24%) бағасына сәйкес келеді	Презентация белгіленген уақытта тапсырылмады. 3-тен төмен әдеби тектер қолданылған. Слайдтар мазмұнсыз. Қорғау кезінде автор сұрақтарға жауап бергенде қатаң қателер жібереді. Өзінің материалында жетік білмейді.

Тестілік тапсырмаларын дайындау

Бақылау түрі	Бағасы	Бағалау критерийлері
Тестілік тапсырмаларын дайындау	Өте жақсы А (4,0; 95-100%); А- (3,67; 90-94%);	Тестілік тапсырмаларды 10-нан төмен емес сұрақтар бар. Белгіленген мерзімде тапсырмалар нақты, дәл, түсінікті құрастырылған. Жауаптардың варианттары біртүрлі және адекватты. Алгоритм жауаптары бар. Дұрыс жауаптар дұрыс белгіленген.



	Жақсы B+ (3,33; 85-89%) B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%) C+ (2,33; 70-74%)	Тестілік тапсырмаларды 10-нан төмен емес сұрақтар бар. Белгіленген мерзімде тапсырмалар нақты, дәл, түсінікті құрастырылған. Жауаптардың варианттары біртекті емес. Жауаптардың алгоритмі бар. Дұрыс жауаптары дұрыс берілген.
	Қанағаттанарлық C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,33; 55-59%) D- (1,0; 50-54%)	Тестілік тапсырмаларда 10- нан төмен емес сұрақтар бар. Белгіленген мерзімде тапсырылмаған. Тестінің негізгі мазмұнды емес. Нақты, дәл, түсінікті емес құрастырылған тестілік тапсырмалар бар. Жауаптардың варианттары біртекті емес. Жауаптардың алгоритмі бар. Бірқатар жауаптар дұрыс белгіленбеген.
	Қанағаттанарлықсыз FX (0,5; 25-49%) F (0; 0-24%) бағасына сәйкес келеді	Тестілік тапсырмаларда 10- нан төмен емес сұрақтар бар.Тексттің негізі мазмұнды емес, сұрақтың қойылуы нақты емес. Жауаптардың варианттары біртекті емес. Жауаптардың алгоритмі жоқ. Дұрыс жауаптың 50%- дан көбі дұрыс берілмеген.

Аралық бақылауға арналған тексеру парағы

Жазбаша жауап	Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%);	Толық, құрылымдалған жауап; нақты анықтамалар; дұрыс жіктеу; егжей-тегжейлі әрекет ету механизмі; көрсеткіштер/Бэб/қарсы көрсеткіштер; ғылыми
	Жақсы B+ (3,33; 85-89%) B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%) C+ (2,33; 70-74%)	Жауап толық, бірақ шамалы дәлелсіздіктермен; жіктеу ішінара толық емес; әсер ету механизмі сипатталған, бірақ тереңдігі жоқ; қателер негізгі емес; құрылым тұтастай сақталады.
	Қанағаттанарлық C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,33; 55-59%) D- (1,0; 50-54%)	Жауап ішінара; анықтамалар толыққанды емес; әлсіз немесе қате жіктеу; әсер ету механизмі толыққанды емес; көптеген дәлелсіздіктер; әлсіз жауап.
	Қанағаттанарлықсыз FX (0,5; 25-49%) F (0; 0-24%) бағасына сәйкес келеді	Жауап тақырыпты ашпайды; өрескел қателіктер; жіктеу мен механизм жоқ; ғылыми терминология жоқ; логика мен құрылым жоқ; ақпарат дұрыс емес немесе өте толық емес.

Білімді бағалаудың көпбалдық жүйесі

Әріптік жүйемен	Баллдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A -	3,67	90-94	
B +	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B -	2,67	75-79	
C +	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C -	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

Электрондық ресурстар, соның ішінде, бірақ онымен шектелмейді: мәліметтер базасы, анимациялық симуляторлар, кәсіби блогтар, веб-сайттар, басқа электронды анықтамалық материалдар (мысалы: видео, аудио, дайджест)

- ОҚМА электронды кітапханасы - <https://e-lib.skma.edu.kz/genres>
- Республикалық ЖОО аралық электронды кітапхана (РМЭБ) – <http://rmebrk.kz/>
- «Ақнурпресс» сандық кітапханасы - <https://www.aknurpress.kz/>
- «Эпиграф» электронды кітапханасы - <http://www.elib.kz/>
- Эпиграф – мультимедиялық оқулықтар порталы <https://mbook.kz/ru/index/>
- ЭБС IPR SMART <https://www.iprbookshop.ru/auth>
- «Заң» ақпараттық-құқықтық жүйе- <https://zan.kz/ru>
- Medline Ultimate EBSCO - <https://research.ebsco.com/>
- eBook Medical Collection EBSCO - <https://research.ebsco.com/>
- Scopus - <https://www.scopus.com/>

Электрондық оқулықтар

1. Асқорыту ағзалары ауруларының фармакотерапиясы. [Электронный ресурс]: Оқулық/ Керимбаева З. А., Орманов Н.Ж., Джакипбекова З.К., Орманов Т.Н. Шымкент, 2018ж.
2. Kharkevitch, D. A. Pharmacology: textbook for medical students / D. A. Kharkevitch. - Электрон. текстовые дан. (83.9 Мб). - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт. Диск
3. Фармакология: оқу құралы / ред. бас. Г. М. Пичхадзе = Фармакология : учебное пособие / под ред. Г. М. Пичхадзе. - Электрон. текстовые дан. (43.0 Мб). - М.: "Литтерра", 2016.
4. Клинико-фармакологические подходы к периоперационной анти тромботической терапии. Дюсембаева Н.К., 2016
<https://aknurpress.kz/reader/web/1560>
5. Курс лекций по фармакологии для студентов стоматологического факультета. Стикеева Р.К., Коранова Т.С., 2014 <https://aknurpress.kz/reader/web/1384>
6. Айсына, Р.А., Орынтаева, М.Д. Фармакология с токсикологией к разделу рецептура: Методические указания. - Костанай: КГУ им. А. Байтұрсынова, 2012. <http://rmebrk.kz/book/1024531>
7. Калиева Ш.С. Клиникалық фармакология және ұтымды фармакотерапияның таңдамалы сұрақтары. Том 2 – Оқулық / Ш.С.Калиева, Н.А. Симохина, Б.Е.Тонкабаева. – Алматы: «Эверо» баспасы, 2020.
https://www.elib.kz/ru/search/read_book/2799/
8. Орманов Н.Ж., Сырманова Н.Р., Орманова Л.Н. Жалпы рецептура. Жалпы фармакология-Алматы: Эверо, 2020. https://elib.kz/ru/search/read_book/743/
9. Стикеева Р.К. Фармакология – 1 - учебное пособие. - Р.К.Стикеева.- Алматы: Эверо, 2020. https://elib.kz/ru/search/read_book/2742/
10. Стикеева Р.К. Фармакология-1.- оқу құралы.- Стикеева Р.К., – Алматы Эверо.- 2020. https://elib.kz/ru/search/read_book/2741/
11. Орманов Н.Ж., Орманова Л.Н. Фармакология-1. Алматы. «Эверо» ЖШС. 2020. https://elib.kz/ru/search/read_book/735/
12. Орманов Н.Ж., Орманова Л.Н. Фармакология-2. «Эверо» ЖШС. Алматы, 2020. https://elib.kz/ru/search/read_book/736/
13. Фармакология : оқу құралы / Б. Д. Айтжанов, Н. А. Заманбеков, Ә. М. Өтенов [и др.] ; под редакцией Б. Д. Айтжанов. — Алматы : Нур-Принт, 2014. — 495 с. - : <https://www.iprbookshop.ru/67173>.
14. Малеванная, В. Н. Общая фармакология : учебное пособие / В. Н. Малеванная. — 2-е изд. — Саратов : Научная книга, 2019. — 159 с.: <https://www.iprbookshop.ru/81075>.
15. Шилова, Н. В. Антибактериальные лекарственные средства : учебно-методическое пособие / Н. В. Шилова, А. Ю. Савченко, Н. С. Дубовик. — Москва : Национальный исследовательский ядерный университет «МИФИ», 2023. — 32 с. - <https://www.iprbookshop.ru/141169>.
16. Фитилев, С. Б. Общая фармакология (основы клинической фармакокинетики и фармакодинамики) : учебное пособие / С. Б. Фитилев, И. И. Шкробнева, В. К. Лепахина. — Москва : Российский

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы		41/11-2025
«Фармакология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		19стр. из 24

	университет дружбы народов, 2008. — 112 с. -: https://www.iprbookshop.ru/11578. 17. Vallance, Patrick; Smart, Trevor G. The future of pharmacology. British Journal of Pharmacology, 2006, // eBook Collection EBSCO
Зертханалық физикалық ресурстар	
Арнайы бағдарламалар	
Журналдар (электронды журналдар)	
Әдебиет	Негізгі әдебиеттер 1. Фармакология :оқу құралы = Фармакология : учебное пособие / Г. М. Пичхадзе [т.б.]. - М. : "Литтерра", 2016. - 504 бет 2. Стикеева, Р. Қ. Фармакология-1: оқуқұралы / Р. Қ. Стикеева. - Алматы :Эверо, 2016. - 148 бет.с. 3. Харкевич, Д. А. Основы фармакологии: учебник. - М.: ГЭОТАР - Медиа,2015.-720 с. 4. Аляутдин, Р. Н. Фармакология : учебник.- М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 704 с. : 5. Харкевич, Д. А. Фармакология :оқулық. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 784 бет. 6. Рахимов, Қ. Д. Фармакология :оқуқұралы. - Алматы : ЖШС "Жания-Полиграф", 2014. - 554 бет.с. 7. Орманов, Н. Ж. Фармакология. 1-кітап :оқулық / Н. Ж. Орманов, Л. Н. Орманова. - Алматы :Эверо, 2013. - 656 бет.с. 8. Орманов, Н. Ж. Фармакология. 2-кітап :оқулық / Н. Ж. Орманов, Л. Н. Орманова. - Алматы :Эверо, 2013. - 512 бет.с. 9. Фармакология : учебник / под ред. Р. Н. Аляутдина. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 832 +эл. Ағылшын тілінде 1. Katzung , Bertram G.Basic and Clinical Pharmacology [Text] : textbook / Katzung Bertram G. - 14 nd ed. - [S. l.] : McGraw-Hill education, 2018. - 1250 p. 2. Goodman end Gilman's , A. The Pharmacological Basis of Therapeutics [Text] : textbook / Goodman & Gilman's A. ; editor L. L. Brunton . - 13 nd ed. - New York : McGraw-Hill Education, 2018. - 1419 p. 3. Whalen Karen Pharmacology : lippincott Illustrated reviews / Karen Whalen ; ed.: Garinda Feild, Rajan Radhakrishnan. - 7th ed. - [s. l.] : Wolters Kluwer, 2019. - 593 p. Қосымша әдебиеттер 1. Фармакология :нұсқаулық = Фармакология : руководство / Г. М. Пичхадзе [т.б.]. - М. : "Литтерра",2017.- 640 б. 2. Машковский М.Д. Лекарственные средства. 16.-е издание. перераб., доп. и испр. М. Новая волна.2017. – 1216 с. 3. Дәнекер ұлпалар ауруларының фармакотерапиясы: оқулық / З. А. Керимбаева [ж.б.]. - Алматы :Эверо, 2016. - 184 б. с. 4. Микробқа қарсы дәрілердің фармакологиясы: оқу құралы /Т. А. Муминов [ж/б.]; қаз. тіл. ауд. Н. М. Малдыбаева.- Алматы : Литер Принт. Казахстан, 2016.-552 бет. с. 5. Фармакология антимикробных средств : учеб.пособие/Т. А.Муминов.-Алматы:Литер Принт.Казахстан, 2016. 6. Фармакология: руководство к лабораторным занятиям : учеб. пособие / под ред. Д. А. Харкевича. - 6-е изд., испр. и доп. ; Рек. учебно-методическим объединением по мед. и фарм. образованию вузов России. - М. : ГЭОТАР -Медиа, 2014. - 512 с.

7. Рахимов, Қ. Д. Фитофармакология. Фармакология - Тезаурус. : оқу құралы = Фитофармакология. Фармакология -Тезаурус : учеб. пособие. - Алматы: ЖШС "Жания-Полиграф", 2015. – 528.
8. Фармакология негіздері және рецептурасы: оқулық / М. З. Шайдаров [ж/б.]. - Астана :Ақнұр, 2014. - 398 бет. с.
9. Основы фармакологии с рецептурой : учебник / М. З. Шайдаров [и др.]. -Астана :Ақнұр, 2014. - 406 с.
10. Жаугашева, С. К. Фармакологический глоссарий = Фармакологиялық глоссарий / сөздік = PHARMACOLOGIC GLOSSARY : словарь. - 2-е изд. - Алматы : Эверо, 2013. - 132 с.
11. Аскорыту ағзалары ауруларының фармакотерапиясы.: оқу құралы/ Н.Ж. Орманов, Г.Ж. Садырханова. 2013.
12. Тыныс алу жолдары ағзалары ауруларының фармакотерапиясы.: оқу құралы/ Н.Ж. Орманов. 2013.
13. Орманов, Н. Ж. Жалпы рецептура. Жалпы фармакология : оқуқұралы .-Шымкент : "RISO", 2013. - 76 бет.с.
14. Орманов , Н. Ж. Фармакологический справочник лекарственных препаратов (классификация, номенклатура, механизм действия и показания к применению) : учеб.-методическое пособие. - Алматы :Эверо, 2013. - 138 с.
15. Орманов, Н. Ж. Жалпы рецептура. Жалпы фармакология :оқуқұралы / Н. Ж. Орманов, Н. Р. Сырманова, Л. Н. Орманова; ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚММА. - Алматы: Эверо, 2012. - 102 бет.с.
16. Орманов, Н. Ж. Фармакотерапия. 1-кітап :оқулық / Н. Ж. Орманов, Л. Н. Орманова. – Шымкент : ЮКГФА, 2012.
17. Орманов, Н. Ж. Фармакотерапия. II-кітап: оқулық / Н. Ж. Орманов, Л. Н. Орманова. - Шымкент : ОҚМФА, 2012.

12 Пән саясаты

1. Практикалық сабақтарда белсенді болу; 2. Топта жұмыс жасай білу;
3. Алдағы дәріс тақырыбы туралы білу, дәріс туралы кері байланысқа дайын болу;
4. Дәрістер, практикалық сабақтар мен ОБӨЖ және БӨЖ сабақтарының кестесіне сәйкес күн сайын тапсырмаларды орындауы қажет;
5. Сабақта белсенділік танытпаған және тапсырманы орындамаған жағдайда, жаза шаралары қолданылады және практикалық сабақ бойынша балл төмендейді;
6. Пікірталастарға қатысу, жеке және топтық тапсырмаларды орындау, зерттеулер жүргізу және басқа ресурстарды орындау;
7. Сабақтарды себепсіз жібермеу;
8. Сыртқы түрі ұқыпты болу керек;
9. Практикалық сабақтарда белсенді болу;
10. Сабаққа кешікпеу;
11. Жұмыс орнын таза ұстау.
12. Әр қатыспаған дәріс үшін аралық бақылаудың бағасы 1 баллға төмендейді, әр жіберілген ОБӨЖ сабағы үшін БӨЖ бағасы 2 баллға төмендейді. Емтиханға жіберілу рейтингі практикалық сабақтың орташа баллынан, БӨЖ, аралық бақылаудан тұрады. Пән бойынша емтиханға жіберудің қорытынды рейтингі кемінде 50 баллды (60%) құрауы керек.

13 Академияның моральдық-этикалық құндылықтарына негізделген академиялық саясат

Білімалушылардың жазбаша, емтиханға жауап беру кезінде, зерттеу барысында, өз ұстанымын білдіруде, оқытушылармен, білімалушылармен және әкімшілікпен қарым-қатынаста адалдығын білдіру, академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңыздылығын түсіну.

Қорытынды баға (100%) = жіберу рейтингі (60%) + қорытынды бақылау (40%)

Жіберу рейтингі (60%) = межелік бақылаулардың орташа бағасы (20%) + ағымдық бақылаудың орташа бағасы (40%)

Аралық бақылаулардың орташа бағасы = аралық бақылау 1 + аралық бақылау 2

Ағымдағы бақылаудың орташа бағасы = БӨЖ бойынша орташа бағаны есепке ала отырып ағымдағы бағалардың орта арифметикалық сомасы

Қорытынды баға (100%) = АБ ор x 0,2 + Ағ ор x 0,4 + ҚР x 0,4 АБ ор-аралық бақылаудың орташа бағасы

Ағ ор - ағымдағы бақылаудың орташа бағасы

ҚР -қорытынды бақылау бағасы

Білімалушының оқу пәнін меңгеру деңгейі халықаралық практикада қабылданған сандық эквиваленті бар әріптік жүйеге (оң бағалар, кему шамасына қарай "А"-дан "D" - ге дейін және "қанағаттанарлықсыз" - "FX", "F") және дәстүрлі жүйе бойынша бағаларға сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша бағаланады.

14 Келісу, бекіту және қайта қарау			
Кітапхана-ақпараттық орталығымен келісілген күні	Хаттама № <u>25.06.25</u>	КАО меңгерушісі ТАЖ <u>Дарбизев, Р.М.</u>	Қолы <u>[Signature]</u>
Кафедрада бекітілген күні	Хаттама № <u>29.05.2025</u>	Кафедра меңгерушісі ТАЖ <u>Шоусанбаев Н.С.</u>	Қолы <u>[Signature]</u>
БББ АҚ мақұлданған күні	Хаттама № <u>11.06.2025</u>	БББ АҚ төрағасының ТАЖ <u>Шоусанбаев Н.С.</u>	Қолы <u>[Signature]</u>
Қайта қарау күні	Хаттама № _____	Кафедра меңгерушісі ТАЖ	Қолы
БББ қайта қарау күні	Хаттама № _____	БББ АҚ төрағасының ТАЖ	Қолы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL
ACADEMY**

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы

«Фармакология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы

41/11-2025

22стр. из 24



Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы

«Фармакология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы

41/11-2025

23стр. из 24



Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы

«Фармакология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы

41/11-2025

24стр. из 24